

Ұлы Дала. Ғасырлар бойы ұрпақ өсірген кең-байтақ қазақ жері. Халқымыз оның қадір-қасиетін жақсы түсініп, жоғары бағалаған. Ол тек қана біз емген жер емшегі емес, ол біздің Отанымыз, көне заманнан бері ұрпақ өсірген ата-бабаның мекені. Мен қазақпын деп ешкімнен қымсынбай кең жайлап жүретін қасиетті кеңістік. Қай заманда болса да қазақ халқы өз жерін қасық қаны қалғанша қорғай білген. Осыған байланысты бір-екі аңыз бен тарихи фактілерді айта кетсек артық болмас. Сонау көне замандардың бірінде қазақ еліне кемеңгер Мәді (Моде) басшы болған деген аңыз бар. Сол аңыз ұрпақтан ұрпаққа айтылып, бүгінгі біздерге жетіп отыр. Сол басшыға қазақтармен көрші отырған бір елдің патшасы нөкерлерін жіберіп Мәдіден өзінің ең сұлу әйелін және астына мінген тұлпарын беруді талап етеді. Мәді кеңесшілерін жинайды, бөтен елдің басшысының өктем талабын жеткізеді. Кеңесшілері Мәдіге бұлардың талабы бізге көрсеткен қорлық, оны орындауға болмайды, одан да сол елмен соғысқа шығайық деп ақыл айтады. Кемеңгер Мәді біраз ойланып отырып, бір әйелмен

Мәді біраз ойланып отырып, бір әйелмен бір аттың құнына бола екі ел соғысып, қан төгіскені дұрыс болмас, сұрағанын беріңдер дейді көмекшілеріне. Осыдан біршама уақыт өткеннен кейін жаңағы көрші елдің өкілдері қайта келіп Мәдіге өз патшаларының қазақтан бір жер телімін талап еткенін жеткізеді. Мәді тағы кеңесшілерін жинайды. Кеңесшілері қазақ жері кең-байтақ, бір пұшпағын берсек одан тарылып қалмас, бергенің дұрыс деп кеңес береді. Кемеңгер Мәді жоқ олай етуге болмайды. Жер мемлекеттігіміздің негізі, аз-көп болсын бөтенге жер беру мемлекеттігімізді жоғалтады. Соғыс ашамыз, ұрысқа дайындалыңдар деп әмір беріп, ата-баба жерінің қадірін білмеген кеңесшілерінің басын алдырады. Осы аңыз ұрпақтан-ұрпаққа жетіп қазақ халқының өзінің жерін асыл қазына, мұра деп қалай бағалайтынын айқын көрсетіп отыр. Шынын айтсақ бұл аңыз емес, бабалар өсиеті, оны орындауға дайын екендігімізді талай көрсеттік. Кешегі «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезінде қазақтың көп жерін жоңғарлар басып алды, бірақ ел есін жинасымен қазақ батырлары ұзаққа созылған соғыс

қазақ батырлары ұзаққа созылған соғыс ашып, сол жерлерді тегісімен қайтарып алды. Яғни бабалар өсиетін орындады. Кеше егемендік алған тұсымызда біздердің мекеніміз қазақ жері деген аты болмаса оның басқа елдермен шекарасы айтарлықтай халықаралық шарттармен айқындалмаған еді. Осының арқасында байтақ жатқан жерімізге көз тігіп, иемденгісі келгендері де болды. Оны біздер, егемендіктің замандастары, жақсы білеміз. Осындай қауіп-қатерді жақсы түсініп Елбасы, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев барлық көршілермен қазақ елінің шекарасын халықаралық деңгейде ресми құжаттармен бекітуге егемендіктің алғашқы сәтінен бастап-ақ кірісті. Шекара дауы, шекара туралы келіссөздер шым-шытырық қиын, үлкен табандылықты, жан-жақты дайындықты, дипломатиялық шеберлікті талап ететіні тарихтан белгілі. Елбасы осындай қайраткерлікті, дайындықты көрсете білді және қазақ үшін жер иен дала ғана емес, ол асыл қазына, баға жетпес асыл мұра екенін де көршілерге келіссөз барысында жеткізе білді. Сондықтан да болар, сол кездегі Қытай елінің басшысы Ши